

І ТУЫ

ІТІЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

февраль Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Совет жұмысына депутаттарды, активтерді белсене қатынастырып, сессияларды уақытылы өткізіп, тұрақты комиссиялардың жұмысын жолға қойып, еңбекшілер бұқарасымен байланысты күннен-күнге күшейтіп, шаруашылық және мәдениет құрылысы саласында алда тұрған міндеттерді жүзеге асыру—жергілікті Советтердің басты міндеті.

Орталық Халық үкметінің ЦЗЕ-ДУН жолдасқа

ПЕКИН

делері үшін Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы арасындағы одақтың және ынтымақтың оған әрі нығайтуына тілектестігімізді қабыл алуына өтінеміз.

И. СТАЛИН.

Министрлер И. В. СТАЛИН жолдасқа

гені, халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендетуге және жаңа Қытай мемлекетін нығайтуға көп көмек көрсетіп келгені үшін біз алғыс айтамыз.

Біз қытай және совет халықтарының күн санап нығайып келе жатқан ұлы достығын құттықтаймыз. Қытай мен СССР арасындағы қуатты одақ империалистік агрессияға қарсы күресте және Қызыл Шығыста бейбітшілік пен халықаралық қорғау үшін жеңімпаз күш, баянды көшкі болып табылады, сол сыяқты, бүкіл дүние жүзінде бейбітшіліктің ұлы ісін қорғауда жеңіске жетудің көшкі болып табылады.

Қытай мен СССР халықтарының мызғымайтын достығы мен бірлігі жасасын!

Орталық Халық үкметінің Председателі **МАО ЦЗЕ-ДУН**

Еліміздің жаңашылдарының үлгісімен

Жоғарғы сапалы өнім бригадалары

Кәсіпорындарында өнім сапасын жақсартуға түсу жолындағы күрес барған сайын үдей түсуде. Октябрь революциясы атындағы былғары зауытында былғары өңдеушілердің барлығы да Жандарова мен Агафонованың бастамасын қызу қуаттап, әрбір өндірістік операцияны сапалы атқару жарысына ұштасқан. Январь айының өзінде 60-тан аса жұмысшы бұл жарыста алған міндеттемелерін орындады.

Сапа үшін күрес еңбек өнімділігін арттырды, өзіндік бағаны кемітті. Ал, зауыттың таңдаулы стахановшылары Волкова мен Зябликова өнімнің сорттылығының өзін 2 процент арттыруға жетісті. Былғарының шетіндегі пайдалануға жарамсыз жерлерін кесуші Әлмұхаметованың өзіндік есеп бетіне 10 мың дециметрге жуық шикізат үнемдегендігі жазылған.

Сол сыяқты, ет-көкөсерні комбинатында 40-қа жуық, Киров атындағы заводта 28 бригада мінсіз жоғары сапалы өнім шығарады. Ал, қала бойынша 200 бригада шын мәнінде жоғары сапалы өнім шығарушы бригадалар қатарына қосылды.

М. ҚАЛАУОВ,

Мал шаруашылығына жауапсыз қараушылық

Ленин ауданындағы «Орталық» ауыл шаруашылық артелінің ірі қара мал фермасы ауыл ортасында. Мұнда малға тиісінше қамқорлық жасалмайтындығын анадайдан ақ байқап қаласыз. Қоралар маңында шөп, мал қыйы және басқалары қалай болса, солай шашылып төгіліп жатыр. Ал, қораның ішінде оттық дегенді көре алмайсыз, малға шөп ешбір өлшеусіз және мөлшерсіз шашыла салады.

—Шөпті малға өлшемей бергенімізге үш қана күн болды, — деп ақталғысы келеді колхоз председателі Таймоллин жолдасы.

Мұның шындыққа ешбір жанасым жоқ екенін қара жанында әлде қашан қар басып қалған таразы айқын дәлел деп ақ тұр.

Кәзір колхозда 30 шамалы бұзаудың қоны төмен. Не пайда, олар ерекше күтімге алынбаған. Қоңы төмен бұзаларға минералдық азық, тіпті тұз беру ешкімнің ойына кіріп те шықпаған сыяқты.

—Бұзаларға тұз жеткізу соншалықты қиын ба?

—Тұзды алатын жер жоқ, — дейді Таймоллин жолдас.

Бұл мәлімдеменің де шындыққа жанасым жоқ. Аудандық сауда орнында тұз жеткілікті, ал, оны сатып алып, колхозға жеткізу Таймоллиннің үш ұйық-таразымен де бірнеше күн бойы...

шар. Мұнда да малға азық ешбір өлшеусіз және мөлшерсіз беріледі. Малдар қораларға қалай болса солай орналастырылған, бұзау үйі лас, жаңа туған бұзаларды сақтайтын арнаулы орын жоқ. Сауыншылар сыйырды сауады да, кетіп қалады, ал, сыйырларды басқа адамдар азықтандырады. Мұндай жағдайда сыйырлардың сүт өнімділігін арттыру жөнінде сөз болуы мүмкін бе? Әрине, жоқ!

—Рас, біз еңбек ұйымдастыруда кейбір қателіктер жібердік, — дейді колхоз председателі Мақымов жолдас. Тіпті сауыншыларды шелекпен де қамтамасыз ете алмай отырсақ, мұның себебі — колхозда шелек алатын қаржы жоқ...

Мұнда мәселе қаржыда ғана емес, ал, малды күту және оның өнімін арттыру ісімен мықтап шұғылдануда екендігін түсіну керек.

Мал қораларында малдың астына азықтыққа жарайтын сабан төселеді. Төселген сабанды малдар түнде жеп қояды да, таң атқанша олар сыз жерге түнеп шығады. Колхозда мал азығы жеткілікті. Ал, сол жеткілікті мал азығын дұрыс жұмсап, малдардың дұрыс түнеуін қамтамасыз етуге қаржы керек пе? Әрине керекі жоқ.

Колхоз председателі Мақымов жолдас ауылшаруашылық техникумінің зоотехникалық бөлімінде оқып шықты. Оның

ласында өсетін жұмыстардан қорынып, қолжеткен табыстарды, сол сыяқты, сөз бет жұмысында әлі де орын алып келе жатқан елеулі кемшіліктерді атап көрсетті және алда тұрған жаңа күрделі міндеттерді жүзеге асырудың нақты жолдарын белгіледі.

Партия ұйымдарының басшылығымен ауыл-деревня еңбекшілерін егіннен мол өнім алу жолындағы күреске жұмылдыра білудің нәтижесінде жергілікті Советтер 1951 жылы бітік егін өсірілуін қамтамасыз етті. Өткен жылы егіс көлемі соғысқа дейінгі дәрежесінен колхоздарда — 21,2, совхоздарда — 43,2 процент ұлғайтылды, әсіресе, дәнді дақылдардан мол өнім алынды. Егін жыйнауды тығыздықты ұйымдастыру мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын толық орындауға, сөйтіп, жоспардан тыс 1 миллион 593 мың пұт астық тапсыруға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, колхоз, совхоздар тұқым қорымен, тағы басқа қажетті қорлармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз болды.

Облыс колхоз, совхоздары қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жөнінде де кейбір табыстарға қол жетті.

Жергілікті Советтер шаруашылық және мәдениет құрылысының басқа салаларында да осындай жетістіктерге ие болды.

Алайда, сессияда депутаттар атап көрсеткендей, облыстық Советтің және жергілікті Советтердің жұмысында елеулі кемшіліктер мен қателіктер де болды. Ол кемшіліктер мен қателіктердің орын алуы халықшаруашылығындағы міндеттерді барлық жағынан мүлтіксіз орындауға жетісе алмауға әкеліп соқты.

Мәселен, облыстың Булаев және Совет аудандарының бірсыпыра колхоздары ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім ала алмады. Колхоздарда шөп таянғы ауылшаруашылығын өсіріп, егіннен жеткілікті қанағаттанғысыз, небары 18 колхоз ғана менгерді. Үкметіміздің ауыл шаруашылығын қуатты техникамен жабдықтау жөнінде көрсетіп отырған орасан зор көмегіне қарамастан жергілікті Советтер колхоз, совхоздардың, МТС-тердің артта қалушылығын әлі жоя алмай келеді.

нан өткен жылы орын алған кемшіліктерді айтпағанның өзінде, көзір көктемгі егіске механизация күшін әзірлеуде зор олқылық орын алып келеді. Облыс МТС-терінде трактор жөндеу жоспары 70—80 процент ғана орындалды, ал, бұл жұмыстың жайы Суворов, Косовалов, Баян МТС-терінде тіпті нашар.

Осы сыяқты, жергілікті Советтер тарапынан нақты шаралардың қолданылмауы себепті қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыруда кемшіліксіз кемшіліктер орын алып келеді. Егістік алаңға қар тоқтату жоспарының колхоздарда төрттен бірі, совхоздарда жартысы ғана орындалды. Ал, колхозшылардың агрозоотехникалық оқуы жөнінде сөз көп болғанмен, нақты іс тіпті қанағаттанғысыз.

Мал шаруашылығын өркендетуде елеулі кемшіліктердің орын алу себебі—мал шығынының көп болуында, мал басының өрбесіз жұмсалуына жол беруде, аналық малдардың қысыр қалуының немесе іші тастауының бездесуінде, малды бағып-қуту жайының нашар болуында, әсіресе, қоғамдық мал үшін берік жемшөп базасының жасалмауында болып отыр.

Бұл кемшіліктердің бәрі облыстық Советтің сол сыяқты, аудандық, ауыл-саялық Советтердің ұйымдастыру-буқаралық жұмысты жоғары дәрежеде жүргізе алмағандығын, еңбекшілер бұқарасын алда тұрған саяси-шаруашылық міндеттерді мүлтіксіз жүзеге асыруға ойдағыдай жұмылдырмағанын көрсетеді. Мұнымен бірге, бұл кемшіліктер жергілікті партия ұйымының совет және шаруашылық орындарының жұмысына жеткілікті басшылық жасап, көмек көрсетіп отырмағандығын да сыпаттайды.

Партия мен үкметіміз ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетуде егіншіліктің мәдениетін арттырып, егіннен тұрақты және мол өнім алу, мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру міндетін қойып отыр. Сондықтан жергілікті Советтер бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыруға неғұрлым баса көңіл бөлулері керек. Көктемгі егіске мүлтіксіз әзірленуге,

совет саудасын жолға қою және мектептердің, денсаулық сақтау орындарының, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарын жақсарту жөнінде де сессия бірсыпыра күрделі шаралар белгіледі. Бұл міндеттерді жүзеге асыру совет орындарынан өте іскерлікті, зор жауапкершілікті, бұқарамен тығыз байланыс жасауды, барлық күш-мүмкіншіліктерді іске шебер пайдалана білуді талап етеді.

Советтердің күші —оларға партиялық басшылық жасалуында. Демек, совет және шаруашылық орындарының жұмысын жақсартуға нағыз большевиктік қамқорлықты жергілікті партия ұйымдары көрсетулері керек. Олар совет орындарына үнемі көмектесуге, жүктелген міндеттерді орындай алатын іскер қызметкерлермен оларды үнемі нығайтып отыруға міндетті. Өйткені, совет және шаруашылық орындарына большевиктік басшылық жасаудың мәнісінің өзі оларға үнемі көмектесу, оларды нығайту және шаруашылыққа олардан тыс емес, солар арқылы басшылық жасау болып табылады.

Партия комитеттері жергілікті Советтердің жұмысымен күнбе-күн шұғылдана отыра, совет қызметкерлерінің инициативасын өрістетуге, әрбір мекемеде мемлекеттік тәртіпті нығайтуға, жұмыста тынақтылық және ұйымшылдық үшін күресуге міндетті. Бұл үшін совет мекемелеріндегі партия жұмысын жолға қою—негізгі шарт. Совет және шаруашылық орындарының партия ұйымдары совет, шаруашылық қызметкерлерін большевиктік идеялық рухта тәрбиелеп, жұмыста іскерлік, тынақтылық көрсетуге, кемшіліктерге төзбеге, сын мен өзара сынды кең өрістетуге баулуға міндетті.

Совет жұмысына депутаттарды, активтерді белсене қатынастырып, сессияларды уақытылы өткізіп, тұрақты комиссиялардың жұмысын жолға қойып, еңбекшілер бұқарасымен байланысты күннен-күнге күшейтіп, шаруашылық және мәдениет құрылысы саласында алда тұрған міндеттерді жүзеге асыру—жергілікті Советтердің басты міндеті.

Петропавл станциясының аға вагон бағқаушысы Трегубенко жолдас. Ол вагондарды байқаудың шебליкіндік әдісін тыянақты меңгерген, өз мамандығын оқумен, басқалардан үйренумен, ізденумен жетілдіріп отыратын стахановшы. Трегубенконың байқауынан өткен вагондар составында жыл басынан бері ешбір техникалық жарамсыздық байқалған емес.

Н. ВАРОВ.

Солтүстік Қазақстан облысы қызметкерлерін ордендермен СССР Жоғарғы

Көп жылғы және мінсіз жұмысы үшін нағардталсын:

«Еңбек Қызыл Ту» орденімен

1. Данте Ядвига Иосифовна —финанс қызметінің 1-рангалы кіші кеңесшісі, мемлекеттік банктің облыстық конторының аға инспекторы.

2. Коваль Кирилл Дмитриевич — облыстық финанс бөлімінің бөлім бастығы.

3. Петров Федор Иванович —финанс қызметінің аға кеңесшісі, облыстық финанс бөлімінің меңгерушісі.

4. Тынченко Иван Анисимович —Петропавл қалалық финанс бөлімінің сектор бастығы.

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен

1. Абнисимов Сергей Никитович — мемлекеттік еңбек жыйнақ кассасы мен мемлекеттік кредиттің облыстық басқармасының бөлім бастығы.

2. Дениссеева Нина Степановна —финанс қызметінің 1-рангалы кіші кеңесшісі, мемлекеттік банктің облыстық конторы қалалық бөлімінің аға инспекторы.

3. Петренко Константин Каленикович —мемлекеттік банктің Полудень бөлімшесінің меңгерушісі.

4. Сәбитова Хаджар Уәлиқызы —финанс қызметінің 1-рангалы кіші кеңесшісі, мемлекеттік банктің облыстық конторы қалалық бөлімінің аға бухгалтері.

5. Тілегенов Баязит Тілегенұлы —об-

Қ Булаев колхозының қоғамдық арттырушы бұл жөніндегі дөңгелек Шонаң мен орыс

лыстық орынбасар

6. Фи

мемлекетт

басқармасы

7. Шо

нанс қыз

шісі, мем

торы, қа

«Ең

1. Бай

мемлекетт

сінің мем

2. Да

нанс қыз

шісі, мем

шесінің

3. Ке

финанс

4. Ке

қызметін

Октябрь

инспекто

5. Ку

нанс қыз

шісі, Со

салық а

6. Ло

СССР

СССР

Москва

шыр шығыс пен оқиқ дүние жүзінде бітіп-біліктің мызғымас кепілі болып былады. Шартқа қол қойғаннан бергі жылдың ішінде Совет Одағы жасаған ел көмек біздің еліміздің саяси, экономика және мәдениет дамуында біз үшін

ШАНХАЙ, 13 февраль. (СОПА). Қытай баспасөздерінің хабарына қарағанда, 14 февраль күні Шанхайда, Нанжинде, Кантонда және Қытайдың басқа да қалаларында совет халқының коммунизм орнатудағы күресі мен бейбіт еңбектегі та-

шығу қамасында да (Солтүстік цзянсу провинциясы) ашылған. Көрмеге жергілікті халықтың келуі соңғы уақытта бұрынғыдан да жиіленген. Көрмені қарап шыққаннан кейін көптеген шаруалар қытай-совет достығы қоғамына кіруде.

дырып оқыды. Газет, журналдарды алдыртушылар хат-хабар мен газеттерді уақытында түгел жеткізіп беріп тұрғаны үшін хат тасушы Бисария жолдасқа ра-зылық білдіруде.

Т. ХАМЗИН,
Преснов ауданы.

БОЛАТЫН
ТОКИО, 12 февраль. «Таймс» газетінің хабары өкмет орындары жапон өкілдерін халықаралық неске қатысу үшін М бастарттыруға тырысуда. Газет былай деп жаз топтарының Мурата, Кү және Кано сыяқты өкі-дарының үгіттеріне көп

Сауда жұмысындағы кемшіліктер тез жойылсын

1951 жылы партиямыз бен үкметіміз ық түлік және өнеркәсіп товарлары-ның өндірісін жылдық жоспарда қарас-тырғаннан әлде қайда ұлғайту жөнін-бірқатар шаралар белгілеп, оны янды түрде жүзеге асырды. Осының тижесінде еліміздің еңбекшілері мата, тоқыма заттарын, аяқкиімді, етті ме ет өнімдерін, кондитер заттарын не басқа товарларды 1950 жылғыдан үйір артық алды.

Осылай азық түлік және өнеркәсіп варларының елімізде барған сайын шылығы жасалуы сауда қызметкер-інің алдына жауапты міндеттер қоя . Ол — осы товарларды толық, саналы йінде тұтынушыларға жеткізу, көп-тік қолды товарлардың сатылуын са-ттік мәдениетті сауданың принципте-ге сай ұйымдастыру. Сауда қызмет-елері тұтынушыларды зор қамқорлық н қамтыған жерде сауданың кеңінен ететілетіндігі мәлім. Олай болса, ар айналымы жоспарының орындалуы ышымен тұтынушылардың мұқтажын ығылығы өтеуге байланысты.

Өздерінің осындай игі міндеттерін жо-ры жауапкершілікпен сезініп, жұмыс-ейтін сауда орындарының қызмет-елері ойдағыдай табыстарға жетсін-еді: Олардың қатарына товар айналы-ның 1951 жылғы жоспарын мерзімі-і бұрын — 5 декабрьде орындаған

жылту электр орталығының жұмысшы-ларды жабықтау бөлімін, темір жол станциясы ресторанын, қалалық сауда бөлімінің № 60 дүкенін, сыра заводы-ның сауда орындарын қосуға болады.

Демек, бұл жекелеген ғана мысалдар. Қаланың көптеген сауда және көпшілік тамақтандыру орындары өздерінің тұты-нушыларды қамту жөніндегі міндетін ойдағыдай атқара алмады. Қала бойын-ша өткен жылы бөлшек сауда айналы-мының жоспары 92,4 процент қана орындалды.

Бұл жерде негізгі кінә қалалық сауда бөлімінде екенін айта кетуіміз керек. Қалалық сауда бөлімі (директоры Сакара жолдас, партия ұйымының сек-ретары Иващенко жолдас) тұтынушылар-ды қамтуда елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді.

Мұндай жағдай асханалар мен рес-торандар тресіне қарасты көпшілік та-мақтандыру, жол бөлімшесіндегі сауда орындарында да кездеседі.

Қаланың сауда және көпшілік тамақ-тандыру орындарында үздік қамтушы 25 бригада, 215 стахановшы және 223 екпінді болуына қарамастан, мемлекеттік сауда қызметкерлері кәсіподақтарының облыстық комитеті (председателі Горин-ва жолдас) озаттардың тәжірибесін жый-нақтап, көпшілік игілігіне айналдыру ісімен шұғылданады. Сауда қызметкер-

лері кәсіподақтарының облыстық коми-теті өткен жылы тұтынушыларды қамту ісін тыңғылықты ұйымдастырған қала-лық сауданың № 1 дүкенінің жұмысы туралы арнаулы бюллетень шығарды. Бірақ, ол бюллетень күйінде ғана қалды жаппай қолдау таппады, көпшілік игі-лігіне айналдырылмады.

Осы кемшіліктердің кездесуінің негізгі себептері — сауда қызметкерлері ара-сында үгіт-бұқаралық жұмыстарының пәрменді жүргізілмеуінде. Көптеген сату-шылар, лотошниктер, официанттар со-циалистік жарысқа ұштастырылмаған. Ақырында олардың бірқатары тұтыну-шыға товарларды тарату жөніндегі өз міндетінің нақтылы орындалуына жеті-се алмады. Шынына келсек, қала сауда орындарында социалистік жарыстың ма-ңыздына жете мән бермеушілік те бар. Өйткені, жарыс шарты қабылданғанмен қараз жүзінде қалып қояды. Мұндай кемшіліктің күні бүгінге дейін жойыл-мағанын да байқау қиын емес.

Өте қызығарлық істердің бірі сол — бізде әлі күнге дейін сауда принципін бұзудың жекелеген фактілері кездеседі. Өткен жылы қалалық сауда бөлімі бо-йынша 150 мың сом, асханалар мен ресторандар тресі бойынша 73 мың сом мемлекет қаржысы талан тарапта түс-ті. Әресе, № 58, 43 дүкендерде қаржы-ны сауда қызметкерлерінің өздері пайда-ланып кетуі, тұтынушыларға товарлы-көм ешпеп беруі сыяқты сорақылықтар болды.

Осы жағдайдың өзі қала сауда орын-дарында әлі күнге дейін кадрларды дү-рыс іріктен, орналастыру, оларды тәр-

биелеу ісінң нашар жүргізіліп келе жатқандығын көрсетеді. Кадрлардың ауыстырыла беруі жиі кездесіп жүр.

Сол сыяқты, товар айналымы жоспа-рының орындалмауына облыстан тысқа-ры жерлерден тұтыну заттарының әке-лінуін тыңғылықты ұйымдастыра алмау да себеп болуда. Ал, кейде сауда орын-дары басқа жерлерден «Галантерейщик», «Екпінді» сыяқты жергілікті кәсіп-орындарының өздері өндіретін товарларды алдырады. Мұнан қандай пайда келмек? Бұл тек қана сауда ұйымдары басшыла-рының өз міндеттеріне жауапсыз қарай-тындығын тағы бір рет дәлелдейді.

Көптеген дүкендерде және асханалар-да товардың түр-түрін сатудың мини-мумы сақталмайды. Әресе, күнбе-күн қажетті тұз, шаруашылық сабын, өрнек-сыяқты товарлар кейде сауда орындарын-да болмай қалады.

Міне, бұл — ешбір кешеуілдетілмей жойылуға тиіс кемшіліктер. Ол біздің сауда қызметкерлерінің жауапсыздықпен туып отырған кемшіліктер. Сондықтан жергілікті партия, кәсіподақ ұйымдары-ның көмегіне сүйене отырып, үстіміздегі жылы товар айналымының жоспары артығымен орындалуға, тұтынушыларды қамту мәдениетін арттыруға, сөйтіп, кел-ешекте мәдениетті совет саудасын кең-ерістетуге жетісейік. Бұл — сауда қыз-меткерлерінің алдында тұрған аса ма-ңызды және жауапты міндет.

В. АРТЕМЬЕВ.

ҚК(Б)П қалалық комитетінің секретары.

ФРАНЦУ
ПАРИЖ, 12 февраль. «Нанте» газеті былай деп нистің жағалауларында рінің соғыс операциялар зілуде. Сфакс, Габес, Л

„Суы

«Ленин туы» газетінің январьдағы санында осы рияланған мақала ту ауылшаруашылық басқар ның орынбасары М. Б облыстық ауылшаруашы таратынан аудандық бөлімдерінің меңгерушіле

«УДАРНИК» кино- «ПОЕЗДАР УАҚЫТЫНД Сеанстар сағат 6-8-10-

түпкілікті жұмысқа а ник, слесарь-монтаж және балғашылар КЕ Еңбекақы смета 33-үйге күн сайын т білуге болады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе